



# АЛДАТАУ

## Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№18(28) 1 мамыр 2024 жыл

### ҚҰТТЫҚТАУ

## Бірлігіміз берекелі болсын!

Құрметті ағайын!

Сіздерді ынтымақшыл халқымызға қуаныш пен шаттық әкелетін, татулығымыз бен мызғымас бірлігіміздің бастауы болған 1 Мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Кешегі ел басына күн туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалғандығы-оның ынтымағы мен бірлігі. Туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде әрқайсымыз өз үлесімізді ел бірлігінің сақталуына, бейбіт те мазмұнды өмір кешуімізге атсалысудамыз. Қазіргі таңдағы бейбіт тірлігіміз ұзағынан болмай.

Жаугершілік заманда басы ауған жаққа көшіп жүріп те берекесі мен қазанын ортайтпаған қазақ халқы қасиетті қанағатшыл ағаш бесік пен жер бесік арасындағы біреуге ұзақ, біреуге шолақ өмір жолдарында ешкімді өзекке теппей, өзгенің қызылына қызықпай, ұтымды іспен, орамды оймен, терең

кеменгерлікпен, ешқашан да тарылмаған кендігімен еліміздің тамырын жаза, бұтағын жайқалтып, құшағын кеңейтіп келеді. Достық пен ынтымақ бар жерде береке мен ырыс болары айдан анық.

Біз аға ұрпақ өкілі осы жүрегіміздің төрінен орын алған татушыл, ынтымақшыл қасиетімізді еліміздің алдыңғы мемлекеттер сапынан көріну жолына жұмсай отырып, облыс тұрғындары арасында келісім мен түсіністікті қалыптастыруымыз керек. Басты байлығымыз берекелі тірлігіміз екенін ұмытпайық.

Жастарға тәлімді тәрбие бері, үлгі-өнеге көрсетіп жүрген барша ардагерлер мен зейнеткерлерді Қазақстанды мекендеген ұлт пен ұлыстардың ортақ та қуанышты мерекесімен ыстық ықыласпен тағы да құттықтаймын! Шаңырақтарыңыз шаттыққа, ізгілікті істеріңіз береке мен ырысқа толсын!

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,

Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.

### Аға ұрпаққа құрмет

## АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!

Алдыңғы буын аға ұрпақтың өкілдері еліміздің экономикасы мен мәдениетінің кешегі күнінен келешегіне дейінгі жолында өз әлінше үлестерін қосқаны анық. Соның қайтарымы болса керек, кешегі еңбек адамдары, бүгінгі ардагерлердің өздеріне, солардың жүріп өткен жолдарына деген құрметті бүгінгі ел басқарып отырған кейінгі ұрпақтың қамқорлығынан байқауға болады.



дірді. Сол сияқты ауданның ақсақалдары да Серік Ақсубаевқа шынайы алғыс айтуда.

Сауықтыру кешенінде демалушыларды төрт мезгіл тамақтандырса, оның сыртында аяқ-қол буын ауруларына жасалар родондық су секілді ем-домы тағы бар. Ардагерлердің бос уақыттары да кездесулер өткізіп, дойбы, шахматтан, тіпті биден де жарыстарға толы түрлі шаралармен өткені анық.

Табиғаты керемет жерде демалып кайтқан ардагерлер денсаулығы едәуір нығайды деуге негіз бар. Аудан әкімінің бұл бастамасы өзге аудандарға да жұғысты болады деген үміт те жоқ емес.

Өз тілшімізден.



Сондай құрмет Кеген ауданындағы бір топ ардагерлерге аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлының басшылығындағы әкімшіліктің тарапынан көрсетіліп, таяуда аудан ардагерлерінің бір тобы «Жаркент-Арасан» сауықтыру орнында болып кайтқаны бар.

Осы мәселеге қозғау салған Алматы облыстық ардагерлер ұйымы басшысы

Ерболат Сапарұлы мен оны қолдаған Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Молдахметұлына ардагерлер ризашылықтарын білдіріп, ақсақалдардың атынан рахметтерін айтуда. Ал, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев өз кезегінде ақсақалдарға де-меушілік көрсеткен «Жаркент-Арасан» шипажайының басшысы, кәсіпкер Серік Ақсубаевқа жүрек жарды алғысын біл-



### БҮГІНГІ САНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

#### ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН



2 бет

#### ЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ



3 бет

#### ЖАСТАР ҰЙЫМЫ ҚҰРЫЛДЫ



4 бет

### ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

#### Іле-Балқаш резерватындағы құрғақ шөп пен қамыс өрті сөндірілді

- Алматы облысындағы Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерватында 5 күнге созылған өрт сөндірілді. Қазір өрт шарпыған аудан анықталып жатыр,-деп хабарлайды KAZINFORM Қонаев қаласынан.

Алматы облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, су ағызу құрылғысы бар Қаза-виакұтқару тікұшақтары әуеден 130 мәрте 390 тонна су төкті. Сонымен қатар өртті сөндіру автоцистерналардың, мотопомпалардың, күректердің көмегімен де жүргізілді, желдің бағытын ескере отырып, қарсы қою (күйдіру) әдісі қолданылды.

«Батпақ пен бағытын үнемі өзгерткен қатты жел өрт ошақтарын сөндіру жұмыстарын қиындатты. Өртті сөндіруге ТЖД, жергілікті атқарушы органдар бекеттерінің күштері мен құралдары, жергілікті тұрғындар, табиғи резерваттың бөлімшелері жұмылдырылып, ұшқышсыз ұшу аппараты және су ағызу құрылғысы бар авиациялық тікұшақ қолданылды», - деп хабарлады Алматы облысы ТЖД баспасөз қызметінен.



#### Полиция ликвидировала еще одну нарколабораторию в Алматинской области

Полицией ликвидировали шестую с начала года нарколабораторию в Алматинской области. При обыске в ней было обнаружено около пяти килограммов аналогов психотропного вещества-мефедрон, передает Tengrinews.kz.



По информации полиции, на территории одного из дачных массивов стражи порядка для проверки остановили автомобиль Honda Odyssey. В ходе обыска

в салоне обнаружили около одного килограмма аналогов мефедрона. Полицией провели обыск по месту жительства подозреваемого. Оказалось, что около месяца назад мужчина в одном из дачных домов в Жамбылском районе организовал нарколабораторию и уже успел изготовить почти 5 килограммов указанного вещества. При обыске были обнаружены реактивы, емкости и предметы, необходимые для изготовления наркотиков.

«По данным следствия, наркотики предназначались для сбыта на территории мегаполиса. Таким образом, на улицы Алматы не допущено около 20 тысяч доз сильнейших аналогов психотропных веществ на сумму свыше 360 миллионов тенге», - отметил начальник ДП Алматинской области Бауыржан Аленов.

По факту незаконного изготовления наркотических средств начато досудебное расследование. Подозреваемый взят под стражу.

#### Алматы облысында бір ауылдың тұрғындары алкогольдік ішімдіктен бас тартты

- Алматы облысының Іле ауданына қарасты Ақши ауылында «Араксыз ауыл» жобасы жүзеге аса бастады. Бұл туралы Алматы облысы Полиция департаментінің бастығы Бауыржан Аленов Instagram парақшасында жазды.

Бауыржан Аленовтың мәліметінше игі істі ауылдың ардагерлер мен аналар кеңесі мүшелері және Полиция басқармасы бірлесіп қолға алған. Ауылдың кәсіпкерлері де қарсы болмаған.

«Еліміз бойынша жасалған қылмыстың үштен бірі ащы су салдарынан болған. Ақши ауылында 7 мыңға жуық халық тұрады, 16 дүкен толықтай арақ сатудан бас тартты. Бұл бастама ауыл бойынша қоғамдық тәртіптің сақталуына оң әсерін тигізетініне сенімдімін. Алматы облысы тұрғындарын «Араксыз ауыл» жобасын қолдауға шақырамын», - деп жазды Бауыржан Аленов.



## Бір шаңырақ астында

Дос – көңілдің күмбезі. Дос ағайын – туыстан да жақын болып кетеді. Көңілі бір, ортақ адамдар ғана бір – бірімен дос бола алады. Қазақстанда қаншама ұлт тұрады. Сол ұлттар бір шаңырақ астында көңілді ғұмыр кешуде. Мен өзім адамды ұлтына қарай бөлмеймін. Ылғи да халық батыры Бауыржан Момышұлының «Ұлтшыл болма, ұлтжанды бол» деген сөзін өзімнің жадымда ұстаймын. Өз басым ұйғыр, орыс, өзбек, шешен, татар құрбыларыммен бір кісінің баласындай араласамын. Өзіме үлгі тұтатын, жағымды сөзімен елге жаққан аналар бар. Солардың бірі Санийәм Савутқызы. Санийәм Савутқызы өте бауырмал, кішіпейіл ана. Мен ол кісімен көп жылдан бері араласамын. Алғаш рет облыстың құрметті азаматы Нурвяг Сейітұлының үйінде таныстым. Нурвяг акамыз қазақтармен құда боп, немересін, Санийәми хәдәнің жиен қызын ұзаттық. Сол жерде қазақ пен ұйғырдың салт – дәстүрін айтып, жастарға Санийәм хәдәмен бірге жүрді. Өзінің көршісі, досы, қазақтың бір туар әжесі Келерхан тәтені ерекше ілтпатпен айтып отырды. Жақында Келерхан тәте екеуінің бір кісінің баласындай араласқанын, өзіне етін көп қып картопты суымен пісіріп беретінін айтып еріксіз көзіне жас алды. Достық ешуақытта ұлт талғамайды, әркім сыйласқанның құлы.

## ДОСТЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН

Санийәм Савутқызының жан жары Ахметжан акамызды еске ала отырып төсекте басы, төскейде малы қосылған қазақ, ұйғыр достарымен аралас, құралас болғанын Санийәм хәдә ерекше сезіммен еске алды. Ахметжан ака өте еңбекшіл, шыншыл, өз қызметіне адал болғанын бірге істеген достары ылғи да еске алады. Сол кездегі біздер, жас кезімізде Ахметжан ақаның мінезін, адамдармен қарым – қатынасын, киім киісін ерекше үлгі тұтушы едік. Мен қазіргі кезде қызы Шамшинурмен араласамын. Аузын ашса, жүрегі көрінетін Шамшинур (еркелетіп Шакебай деп қоям) үлкен қара шаңырақта отыр. Света хәдәміз бен Нурвяг ақаның қара шаңырағын шайқалтпай, түтінін түзу шығаруда. Қазақтың салт – дәстүрін, ұйғырдың салт – дәстүрін, ұйғырдың салт – дәстүрін жатқа біледі. Күйеу баласы Уәлихан мен кішкене жиенін ерекше жақсы көреді. Бойында иманы бар, ұлтқа бөлмейтін осындай отбасымен араласқаным ризамын. Санийәм Савутқызы – ұстаздық өмірінде талай мадаққа ие болған адам. Айтқан сөзі, істеген ісі, әжелік қамқорлығы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Ендігі арманы – немересі Назымды үйлендіру, шөбере сүю.

Арманына жетсін!

Рая САРТОЛОВА,  
Ұйғыр аудандық ардагер әжелер  
кенесінің төрайымы.

## Біз біргеміз

## АРДАГЕРЛЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОМЕК КӨРСЕТТІ

Су тасқыны елге оңайға тимей тұр. Мал-жан шығынынан бөлек, адамдардың талай жыл еңбектеніп салған үйлері су астында қалды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқынынан зардап шеккен аймақтарға ел болып көмектесуге шақырған үндеуіне елдің әр түкпірінен қолдау көрсетуде. Кәсіпкерлер ақшалай демеушілік жасаса, мемлекеттік қызметкерлер бір күндік еңбекақысын арнайы есепшоттарға аударуда.

«Көп түкірсе – көл» дегендей, Қонаев қаласының тұрғындары Президент үндеуіне үн қосып, ел басына күн туған қиын сәтте сауапты іске белсене қатысып, бірі ақшалай, бірі заттай, әркім шамасына қарай көмектерін беруде. Қасым-Жомарт Кемелұлы-

ның: «Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді» деген сөзі Қонаев қалалық ардагерлер бірлестігі мүшелерін бей-жай қалдырмады. Қо-

наев қаласы ардагерлері 62 мың, Кербұлақ ауылы ардагерлері 447 мың, Сарбұлақ ауылының ардагерлері 156 мың, Шеңгелді ауылының ардагерлері 95 мың, Қосқұдық ауылының ардагерлері 18 мың теңге, барлығы 778 мың теңге қаражат жинап, «Демеу Қазақстан» корпоративтік қорына аударды.

«Ата-бабаларымыз бізді әрқашан бір-бірімізге көмек беруге, қиын сәтте кімге ауыр тиіп жатса соның жанынан табылуға үйретті. Демеу көрсете білу - қайырымдылық қана емес, үлкен адамгершілік», - дейді ардагерлер.

Заңғар АЛТАЙ,  
Қонаев қаласы

## Таза Қазақстан

## АУЫЛДАҒЫ СЕНБІЛІК



Іле ауданы Ащыбұлақ ауылдық округі Жәпек батыр ауылы маңында орналасқан зират басында тазалық жұмыстары жүргізілді. Жұмыс ауылдың бас имамы Ерлан мырзаның құран бағыштауымен басталды. Осындай сауапты іс - шараға мұрындық болып жүрген Ащыбұлақ ардагерлер ұйымының төрағасы Бақтыбаев Рүстем, зират басшысы Е. Оңалбаев белсенділік танытып, ауыл тұрғындарын жаппай жұмылдырды. Ауызбіршілігі мен ынтымағы жарасқан ауыл ақсақалдары жастарға ризашылықпен ақ баталарын беріп, сәттілік тіледі!

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,  
Іле ауданы

## ЖЕҢІС ПАРКІН ТАЗАЛАДЫ



В Конаеве продолжается акция «Киели мекен». Сегодня в рамках данной экоакции ветераны и молодежь совместно вышли на субботник.

## ВETERАНЫ ГОРОДА ОЧИСТИЛИ ПАРК ПОБЕДЫ

Қаламызда «Киели мекен» акциясы жалғасуда. Бүгін аталған экоауқанның аясында ардагерлер мен жастар бірлесіп, қаладағы Жеңіс паркін тазалады.

Бұл парк былтырдан бері күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Жасыл желектер егіліп, ағаштар әктеліп, орындықтар мен коқыс жәшіктері ауыстырылып, гүлзарлар жасалған болатын. Сондай-ақ мұнда ҰОС-ға қатысқан ардагерлердің суреті бейнеленген панно орнатылып, шағын сәулеттік нысандар қойылды. Ең бастысы – парктің аумағында Ауған соғысы мен ҰОС арналған үлкен екі ескерткіш бар.

Бұл күні саябаққа ардагерлер мен жастардан 100 адам жиналып, парк аумағын коқыстан, жерге түскен сары жапырақтардан, арашөптерден тазартты. Ескерткіштердің төңірегін сыпырылып, жұртшылық

бір адамдай еңбек етті. Нәтижесінде бұл жерден 35 қап коқыс шығарылды.

«Өткеннен сабақ алмай, келешекке қадам баса алмаймыз. Осындай тарихи ескерткіштердің жан-жағы таза болып тұрса, ұрпақтарымыз ата-бабаларына үнемі тағзым жасап тұрса, кере-

мет емес пе? «Киели мекен» акциясын бұқара түгелдей қолдауы керек деп ойлаймын. Себебі, бұл – жай ғана сенбілік емес, бұл – балаларға тәрбие беру, халықты тазалыққа шақыру», - деді Ауған соғысының ардагері Алдажар Сейітұлы шараны қорытындылап.



Парк Победы капитально ремонтируется с прошлого года. Были высажены зеленые насаждения, побелены деревья, заменены скамейки, урны, поставлены различ-

ные малые архитектурные формы, цветочники. Также здесь установлено панно с изображением участников ВОВ. Самое главное - на территории парка есть два больших

памятника, посвященных Афганской войне и ВОВ.

В этот день в парке собралось 100 человек из числа ветеранов и молодежи. Они очистили территорию парка от мусора, опавших желтых листьев и сорняков. Также памятники были подметены. В результате было вывезено 35 мешков мусора.

«Не извлекая уроков из прошлого, мы не можем двигаться вперед. Разве это не прекрасно, когда такие исторические памятники содержатся в чистоте и наши дети постоянно чтят своих предков? Думаю, акция «Киели мекен» должна быть всецело поддержана. Ведь это не просто субботник, это воспитание детей, призыв к чистоте», - подытожил мероприятие ветеран Афганской войны Алдажар Сеитұлы.



Жанында жүр жақсы адам

## ЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Кеген ауданының Құрметті азаматы, елге сыйлы қадірменді қария Жұмәділов Бекет ата жайлы аз кем сыр шертіпекпіз. Өз тұсында ел мен жер үшін еңбек етіп, маңдай терінің адал асын ұрпағына қорек еткен ауданымыздың тумасы, 1954 жылдың мамыр айында Саты ауылында дүниеге келген. Он жасында әке-шешесінен ерте айырылып, шиедтей бала-шаға үлкен ағасы, екі інісі және бір қарындасы тағдырдың тауқыметіне түсіп жетім қалған. Бір үйлі бес баланың тағдыры ағайын-туыстың, әке-шешесінің бауырларына қалып, әрқайсысы әр шаңырақтың қамқорлығында тәрбиеленіп өсті. Бала Бекет алғаш білімнің қайнар бұлағын ашып, 3-ші сыныптан 8-ші сыныпқа дейін Жалаңаш мектеп интернатында білім алған.

- Бұл интернат сол кездегі тәрбие мен сапалы білім берудегі ең үздік оқу орны болды. Мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Осы мектеп қабырғасында жүріп білім алдық, спорттың барлық түрімен айналыстық. Бауырмашылықты, адамгершілік нормаларын үйрендік. Біріміз үшін бәріміз жауапкершілікте болдық. Әлі есімде, жасөспірімдер арасында волейболдан республикалық жарыста 1-ші орын алып, әрқайсымызға бір-бірден алтын қасық сыйлады. Мектеп интернат сегізжылдық болғандықтан, 9 бен 10-шы сыныпты Жалаңаш қазақ орта мектебінде оқыдым. Мектепті 1971 жылы бітірдім. Бір жылдай Қелбастау колхозында жай жұмыс істедім, -деп ағынан жарылған бүгінде ішкі түйсігімен ақтарыла тіл қатқан қарияның жүрегінде білім ордасының жайдары қалпы еміс-еміс есіне оралады.

Қылышылдаған жас, болашағына зор үміт пен сенім аркалаған Жұмәділов Бекет 1972 жылы Алматы қаласындағы Қазақтқ Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылығы институтының машина жөндеу технологиясын ұйымдастыру мамандығы бойынша оқуға түсіп, осы аталған оқу орнын 1977 жылы бітіріп, инженер-механик мамандығын алып шығады.

Жолдама бойынша Алматы облысы Іле ауданы «Казсельхозтехника» бірлестігіне «аға инженер» болып алғаш еңбек жолын бастаған. Жас маман өз мамандығы бойынша мотор жөндеу цехындағы жұмыстарды сапалы ұйымдастыру, уақытысында тапсырыстарды орындау және коллектив арасында белді болумен байланысты цех бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді. Сол мезетті есіне ала отырып, қадірменді қария осы бір жайғаты толқыныспен тілге тиек етті.

- Сол кездегі мен сияқты жастардың негізгі проблемасы-үй-жай мәселесі. Ол болса жоқ, пәтер жалдап тұрдық. Мен істеген цехтың өнімдерін облыс бойынша колхоз, совхоздар алатын. Сондықтан, басшылары жиі келетін. Менің жауапкершілігіме, жұмысыма риза бо-

лып, өз шаруашылықтарына жұмысқа шақыратын, ұсыныс жасайтын. Соған орай Балқаш ауданының бір совхозына «бас инженер» бол деген ұсыныс түсіп, «үйсіз-күйсіз» жүргенше барайын деп келісім бердім. Сол кезде Кеген ауданы «Қарқара» совхозының директоры Манапов Тұрсынбек аға (жұбайым Бақтыгүлдің нағашы ағасы) ауылға кетіп бара жатып халімізді білейін деп үйге келіп, мән жайды естіген соң, ренжігендей болып, ақылын айтты.

- Неге өз ауданына келмейсің? Жоғары білімді мамандар ауданға да қажет, алған білімді көрсетіп, еңбегіңді туған жерге жұмсамайсың ба? - деп райымыздан қайтарды.

23 жасымда «Кеген» ет-сүт совхозына бас инженер болдым. Тұрсынбек аға өте білімді, іскер басшы болатын. Жастарға ақыл-кеңесін беріп, жол сілтеп отыратын. Совет үкіметі тарап, жанадан жеке меншік шаруа қожалықтары ашылып жатқан кез еді. Кенеттен жол апатынан қайтыс болып кетті. Әр уақытта еске алып, ризашылығымды айтып отырамын, деп атаның көңілі құлазып, өткенге ой жүгіртп қайтты.

Сол кезеңде «Кеген» ет-сүт совхозы ірі шаруашылықтың бірі болды. Бес бөлімшесі бар. Ауыл шаруашылық техникасы көп, сол кездің өзінде 150-ден астам әр түрлі маркалы трактор, 120-дан астам автокөліктер, 50-ден астам комбайндар, т.б. мал шаруашылығына байланысты құрал-саймандар жетерлік еді. Техникасыз жұмыс бітпейтін. Жауапкершілік өте жоғары болды. Осы сүт совхозы Бекет Жұмәділов еңбек жолында мол тәжірибе мектебі болып, 7 жыл қызмет етті.

Техниканы пайдалану, жұмыстың жүруі механизатор кадрлар мен техник қызметкерлердің білімі мен жауапкершілігіне байланысты болды. Жыл сайын механизаторлар мен комбайн жүргізушілерін сол тұста еңбеккерлер оқытып, даярлап отырды. Шеберханада қосалқы бөлшектерді өздері жөндеп, іске қосатын.

Бекет Жұмәділов осындай тынымсыз еңбектің арқасында аудандық пар-



тия комитеті ұсынысымен 1985 жылы аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің директоры, аудандық агропром төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Аудан бойынша барлық ауыл шаруашылық техникаларына қосалқы бөлшектер, жаңа техника, құрылыс материалдары, арнайы киім-кешек, төсек орын, мал шаруашылығына байланысты қабдықтармен қамтамасыз етіліп, т.б. міндеттер іске асырылып, нәтижелі жұмыстар атқарылды. Бұл қызметте қойылған талап өте жоғары болды. Сол кезеңде, бүкіл ауданды жоғарыда айтылған дүниелермен уақытысында қамтамасыз ету оңайға түскен жоқ.

1987 жылы аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Данышпанов Бексырға аға сол тұста Бекет Жұмәділовты шақырып алып, «Бөлексаз аудан аралық мал бордақылау бірлестігіне» директор болып барарын» деді. Аудан бюро мүшелерімен облыс басшылар келісім жасағаны айтылды. Алғашқыда жас маман бас тартып, мамандығы сәйкес келмейтінін жеткізгенімен, қатаң түрде талап қойды дейді біз әңгіме етіп отырған бүгінгі елге сыйлы қария Бекет ата: «Ол кезде совхоздағы барлық жұмыстың 80 пайызы техникамен атқарылатын. Мал азығын дайындау, егін шаруашылығы, кормоцехтар, мал бордақылау комплексінің ішкі, сыртқы жұмыстары, тіпті мал суғаруға дейін техникамен байланысты екеніне осы жұмысқа барғанда көзім жетті. Бексырға аға өте қатаң талап қоятын. Күн-түн демей хабарласып, шаруашылықтың әр саласы бойынша есеп алып отыратын. Ауыл шаруашылық жұмыстарының қай саласы болса да жақсы менгерген адам. Себебі, совхоздың механигінен бастап, ауданның бірінші хатшылығына дейін көтерілген, тәжірибесі мол басшы болды. «Шаруашылықтың қыр-сырын сол кісіден үйрендім» десем, артық емес.

Шаруашылық басшысы болу оңай емес екеніне көзім жетті. Ауылдың бүкіл тұрмыс-тіршілігіне, халқының жағдайына, мектеп, аурухана жұмысына дейін түгелдей шаруашылыққа байланысты болды, - дейді.

Совхоз жұмысы табысты болса басқа салар да ойдағыдай дамып отырады. Сол кезеңнің өзінде мал бордақылау бірлестігінде 5-7 мың ірі қара бордақыланатын, мемлекетке жыл сайын мың тоннадан астам жоғары сапалы ет өткізіліп тұрды. Совхоз экономикасы тұрақты дамып, халықтың тұрмыс жағдайы жыл сайы артып, өсіп отырды. 650 орындық талапқа сай мектеп, мал бордақылау комплексі, көптеген тұрғын үйлер салынып, осы күнге дейін пайдаланылып келеді.

«Жеткен жетістіктер тек совхоз басшысына ғана емес, ауыл халқының ерен еңбегі деуге болады. Совхоз тарап, жекешелендіру кезінде совхоз мүлкін, мал, техника, т.б. халыққа тиесілі дүниелерді әділетті түрде бөліп бердік. Алды 35-40 бас ірі қарадан, арты жоқ дегеннің өзінде 10-15 бастан, техника, мүліктерді де теңдей қылып бөліп бердік. Ешқандай сенімсіздік болған жоқ. Ауыл шаруашылық кооперативін құрып, төраға болып жұмыс атқардым. Жалпы осы шаруашылықта 10 жылдай еңбек еттім,-дейді кейіпкер.

Бекет Жұмәділов 1997 жылы Алматы облысы Талғар ауданына ауысып, аудан әкімінің орынбасары болып қызмет атқарды. Әкімшілік жұмыстың қыр-сырын менгеріп, ауданмен толық таныса бастағанда, осы ауданға қарасты Алматы қаласымен іргелес жатқан Бесағаш ауылдық округіне әкім болып тағайындалады. Үлкен көп ұлтты ауыл. Сол кездің өзінде 12 мың халық тұратын. Бұл жерде халықпен етене араластырып, ауыл тұрғындарының мұн-мұқтаждары күн тәртібінен түспеді. Коммуналдық мәселелерді шама келгенше шешіп, жоғарыға жеткізіп, сұрап, тынбай жұмыс істеуге тура келді. Халық арасында үлкен беделге ие болып, ауылдағы әр ұлт өкілдерінен ақсақалдарын сайлап, тәрбие, тазалығы, ұлттардың татулығы жайлы істер атқарылды. Мешіт салдырып, дін мәселесінен де шет қалмадым.

Басқа жұмысқа ауысатын кезде ауыл ақсақалдары, азаматтары осы жұмыста қалуымды сұрап, жылы лебіздерін білдірді. Бекет Жұмәділов үшін бұл үлкен құрмет болды.

2002-2015 жылдар аралығында Алматы облыстық қоршаған ортаны қорғау басқармасының Талғар, Қарасай аудандары бойынша мемлекеттік инспектор, одан кейін департамент бастығының орынбасары болып қызмет атқарды. Бұл сала бойынша бұрын онша

мән бермеген, ескермеген проблемалар көп екен. Қазіргі кезеңде экологияны, қоршаған ортаны қорғау-дүниежүзі бойынша бірінші кезекте тұрған мәселе. Әсіресе ауаға бөлініп жатқан зиянды улы заттар, су, жер ресурстарымен ластану, шығып жатқан миллиондаған тонна қатты қалдықтар адамзаттың денсаулығын, жан-жануарларға, ауайының өзгеруіне, қоршаған ортада болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың болуына әкеліп соғып жатыр. Сол кезеңдегі маман жұмысымыз экологиялық заңдылықтарды сақтап, қоршаған ортаны ластанған заңды тұлғалар мен жеке тұлғаларға әкімшілік жаза қолдану, ескерту, түсінік жұмыстарын жүргізіп, келешекте болдырмау жөнінде шаралар атқарды.

Мектеп оқушыларына экологиялық тәрбие, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша семинар, кеңестер, жарыстар өткізіп отырды.

Түрлі салада еңбек ете жүріп, ел мен жерінің ертеніне аз да болса пайдасын, арттағы ұрпаққа өнегесін қалдырған бүгінде қадірменді қария 2017 жылы еңбегінің зейнетін көрмекке демалысқа шықты. Екі үл, үш қыз өсіріп, 11 немере сүйіп отырған жайы бар. Барлығы жоғары оқу орнын бітіріп, әр салада еңбек етуде. Жұбайы Шыныбаева Бақтыгүл-жоғары білімді ұстаз, «Қазақстан Республикасының үздік мұғалімі» төсбелгісімен марапатталған.

Бірнеше рет министрдің, облыс әкімінің, Алматы қаласы әкімінің құрмет грамоталары, бағалы сыйлықтары мен алғыс хаттарымен, «Қазақстан Республикасының экология саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» арнайы төсбелгісімен марапатталған.

Ер еңбегі елеусіз қалмай, елі мен жері үшін төккен ақ адал маңдай терінің өтеуі қалың халықтың алғысымен өлшенерінде сөз жоқ десе де, құрмет көрсетілу бар екені мәлім. Осы тұста 2023 жылы Кеген ауданы маслихатының шешімімен Бекет Жұмәділовке Кеген ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Жас күнінен маңдай терімен еңбек ете отырып, көптің ықыласына бөленген қадірменді қарттың өткеніне шолу жасаған болсақ, кейінгі ұрпағына өнеге болсын, болашақ жастарға үлгі, ертенгі елім, жерім деген ұрпақ ата-баба салған сара жолдан ауытқымасын деген ниеттен еді. Қазақтың қазақы қанына сіңген елі мен жеріне деген ыстық ықыласы мен пейіл-ниеті кейінгі буынның бойынан қылаң беріп, қанға сіңген қасиеттен ауытқымаса екен деген тілекте.

Елі үшін жастайынан еңбекке араласа отырып, әр салада тек жақсылыққа жаны құмартқан Бекет Жұмәділовтың отбасына амандық, деніне саулық, ел бағысын аркалаған пейіліне мәрттік тіледік.

Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ,  
Кеген ауданы.

Ерлік - елге мұра

## ЧЕРНОБЛЬ АРДАГЕРЛЕРІ АРДАҚТАЛДЫ

Жыл сайын сәуірдің мамырға ұласар шағында Райымбек ауданы әкімдігінің мәжіліс залында басқа шаралардан жөні бөлек, еншісі ерек бір жиын өтеді. Жиынға қатысушылар қолдарына қару алып, жауға қарсы тұрмағанмен, маңдайларына Чернобиль атты апатты аймақта орын алған көзге көрінбейтін жаумен күресу жазылған, бүгінде сол апаттың ардагерлері атанып отырған азаматтармен кездесіп, қайғылы оқиғаның мән жайын өз ауыздарынан естиді. Себеп-салдарына қанығады.

Дәстүрге айнала бастаған бұл жолғы басқосуды аудан әкімі Берік Дүйсенбаев ашып, көпшілікке кездесудің мән-жайынан қысқаша хабардар етті.

1986 жылы 26 сәуірде Украина еліндегі Чернобиль атом электр стансасында кенеттен болған жарылыс, адамзат баласына зор қауіп төндіріп, экологиялық зардаптар әкелгені белгілі. Бұрынғы кеңес одағы тарихында қаралы күн болып қалған осы оқиға-

ның салдары көптеген адамның тағдырына өшпес із қалдырды. Содан бері 40 жылға таяу уақыт өтсе де Чернобиль апатының жарасы әлі күнге жазылған жоқ. Чернобиль апаты бүкіл әлемге атом энергиясының бақылаудан шығып кетсе қандай қайғылы жағдайға ұшырататынын көрсетіп берді. Кейін белгілі болғандай, Чернобиль атом электр стансасындағы жарылыс Хиросима мен Нагасакиге тасталған атом бомбасынан 400

есе күшті болған екен. Күллі адамзаттың қасыретіне айналған апатты аймақта қазіргі таңда радиация деңгейі төмендегенмен қауіп-қатері азайған жоқ. Қорғаныс шаралары әлі сол қалпында қалып отырғаны осыны анық аңғартады. Әсіресе, апатты аймаққа барып, қатердің себеп-салдарымен күресуге атсалысқан адамдарға тигізген зардабы айрықша. Оның айқын көрінісін сол бір қайғылы оқиғаның басы-қасынан табылған азаматтардың қатары қазір де уақыт санап азайып бара жатқанынан аңғаруға болады. Осы бір тұтқиылдан келген апаттың зардаптарын жоюға сол уақытта кеңес одағының түкпір-түкпірінен 600 мыңдай адам тартылыпты. Бір ғана Қазақстанның өзінен 30 мыңнан аса адам барса, солардың 2 мыңнан астамы Алматы облысынан екен. Өкініштісі сол, бүгінде солардың қатары сиреп, апат әкелген түрлі сырқаттардан өмірмен уақытына жетпей қош айтысыпты.

- Осынау қайғылы оқиға біздің ауданымызға да тән екенін айтуға тиіспіз. Қазіргі уақытта Райымбек ауданында Чернобиль апатының зардабын жоюға қатысқан 13 жауынгер-ардагер бар. Отан алдындағы әскери борышын өтеу міндеті осынау апатты аймаққа тап келген азаматтарымыз көзге көрінбейтін жауға қарсы ерік-жігерлерін аямай, ерен ерліктің үлгісін таныта білгенін қалай мақтаныш етсе де орынды. Біз еш уақытта ел үшін жанын пида еткен арыстарымызды ұмытпаймыз. Сіздердің Чернобиль сияқты алып апатты ауыздықтауға жұмсаған ерлік істеріңіз елге мұра, ұрпаққа ұран болып қалыптаса бермек. Сондықтан сіздерге әр-



дайым басымызды иіп, рахметімізді айтамыз. Дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бастарыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін, - деген аудан әкімі сөз реті келгенде жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің маңыздылығына да тоқталды. Отанға қызмет етудің абыройлы міндет болып саналатынын деректер келтірді. Жастар тәрбиесі өзекті мәселеге айналып келе жатқанын, қазіргі таңда жас жігіттердің Отан алдындағы әскери борышын өтеуге құлықсыздық танытып жүргендігі қоғамның алаңдаушылығын тудырып отырғанын жеткізді. Чернобиль ардагерлерін аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапаттады.

Келесі кезекте сөз алған аудандық маслихаттың төрағасы Самат Мүсірбаев, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Бекболат Бірбаев ізгі ниет-тілектерін арнап, марапаттады. Сый-сияпаттарын жасады.

- Апат орын алған Чернобиль аймағына Райымбек ауданынан сол кезде әскери борышын өтеп жүрген 32 жігіт барды,-деген Чернобиль атом электр стансасы ардагерлер одағының Райымбек ауданы бойынша төрағасы Берік Сыдықов – олардың алтауы өмірден озғанын, артында жас балалары қалғанынан хабардар етті. Бірталайы өмір ағымына ілесіп, басқа қала, аудандарға қоныс аударғанын, 12-13 азамат осы туған жерлерінде тіршілік жасап жатқан жайы барлығын айтты. Ол сонымен қатар, ардагерлердің денсаулықтары қазіргі таңда сыр беріп жүрсе де мүгедектік санатын ала алмай келе жатқанын, баспана мәселесі де өзекті күйінде тұрғанын тілге тиек етті. Чернобиль қасіретін еске алуға арналған бүгінгі шараға қолдау білдіріп отырған аудан әкімшілігі мен ішкі саясат бөліміне, аудандық маслихат пен ақсақалдар алқасына өз әріптестері атынан шынайы алғыс сезімін білдірді. Шараны ұйымдастыруға ұйтық болған азаматтарды «Чернобиль ардагерлер ұйымы» тағайындаған «Қазақстан патриоты» төсбелгісімен марапаттады.

Ардагерлер бұл күні өздеріне арнап аудан әкімдігі мен Ішкі саясат бөлімі қызметкерлері жайған берекелі дастарханнан дәм татып, риза-хош көңілмен тарқасты.

Жұмабек ТҮРДИЕВ,  
Райымбек ауданы.





Біле жүріңіз

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесінің түп тарихына үңілетін болсақ, ол алғаш рет 1886 жылы 1 мамырда Американың Чикаго қаласында басталды. Сол күні мындаған жергілікті жұмысшы 8 сағаттық жұмыс күні туралы заң енгізуді талап ете отырып, ереуілге шықты. Бұл митинг бірнеше күн жалғасты және полициямен қақтығыстарда көптеген жұмысшылар қаза болды. Сонымен қатар, әртүрлі дереккөздерде құрбан болғандардың саны 4-тен 50-ге дейін жетті деген мәліметтер бар. Сонда 1889 жылдың шілдесінде Екінші Халықаралық Конгресс, осы қасиетті күнді Чикагодағы америкалық қызметкерлердің капиталистік және эксплуататорларға қарсы ерлік күресін еске алу үшін, жыл сайын «бүкіл дүниежүзілік пролетариат» мерекесін атап өту туралы тағдыршешті шешім қабылдады. Бір қызығы, осы мейрамның тарихи отаны болған Америкада пролетарлық мамыр күні қалыпты жұмыс күні ретінде саналады. Мамыр мерекесінің АҚШ-тан келгеніне қарамастан, бұл елде жұмысшылар Еңбек күні мерекесін 1 мамырда емес, қыркүйектің бірінші дүйсенбісінде атап өтеді. Ол АҚШ-тың барлық штатында ресми мереке ретінде саналады. Олар бұл күні еңбек күнін ғана емес, жазды да мерекемен шығарып салуды әдетке айналдырған.

## МАМЫР МЕРЕКЕСІ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



Бұрынғы Кеңес Одағы жұмысшыларының халықаралық ынтымақтастық күні болған 1 мамыр көптеген жылдар бойы «саяси бояуға» ие болды. Және бұл мереке халық шаруашылығында, ғылым мен мәдениеттің нақты саласында жетістікке жеткен саяси қайраткерлердің, өндіріс озаттарының портреттерімен, ұрандар, шақырулармен безендіріліп, айтарлықтай ауқымды тойланды.

Жұмысшылардың халықаралық ынтымақтастық күні алғаш рет 1890 жылы Австрия - Венгрияда, Бельгияда, Германияда, Данияда, Испанияда, Италияда, АҚШ-та, Норвегияда, Францияда, Швецияда және басқа да елдерде атап өтілді.

Коммунистер 1 мамыр мерекесін бірінші рет 1890 жылы Варшавада атап өтті. Халық Кеңес дәуірінде іс жүзінде мемлекеттік мерекеге айналған 1 мамырды бүкіл әлем жұмысшыларының ынтымақтастығы үшін емес, мамыр мерекелері мен Женіс

күні тамаша еңбек дәстүрлерін және өткен соғысты еске түсіріп, бақшаларды аударып картоп, сәбіз, пияз өсіруге мүмкіндік беретіндігі үшін жақсы көрді.

Бүгінгі күні Халықаралық 1 мамыр мерекесі әлемнің 66 елінде өздерінің дәстүрлеріне сай атап өтіледі. Киевте осы күні коммунистер алаңға шығады, ал халық орманға демалуға барып, кәуәп дайындайды.

1 мамыр КСРО кезінде ауқымды және кереметтей атап өтілді. Сол кезде халық «Бейбітшілік, еңбек, мамыр» деген ұран жазылған плакаттар мен гофрленген картоннан жасалған үлкен қалампырларды қолдарына ұстап, салтанатты түрде көшеге шыққан. Сондай-ақ, кейбір балаларға және парадқа қатысатындарға КСРО құрамына кіретін елдердің ұлттық киімдері тігілді. Ал үлкендер пальтосының жағасы мен плащтың түймесіне қызыл бантиктер тағып жүрсе, қыздар шаштарын қызыл лентамен өріп, қолдарында жаулаушылар мен гүлшоқтарын ұстап жүрді.

Дайындаған  
Р. АЙДАРБЕКОВА

лаушалар мен гүлшоқтарын ұстап жүрді.

Кеңес одағы республикалары үшін 70 жылдан астам уақыт бойы мамыр мейрамының «Бейбітшілік, еңбек, мамыр!» ұраны жұмысшылардың халықаралық ынтымақтастық күні болып қалды. Ал кейіннен Кеңес Одағы тарап, әрқайсысы өз алдына мемлекет болып құрылғаннан кейін, тәуелсіз мемлекеттердің кейбіреулері мерекеге біршама өзгеше мән беріп, өз халықтарының әдет-ғұрыптарын сақтай отырып бұл күнді демалыс күні ретінде қалдырды. Осыған байланысты Қазақстанда бұл күн мереке ретінде атап өтіледі. Яғни, мамыр айының алғашқы күні Қазақстан да мейірімді және жарқын мерекелердің бірі болып табылатын «Қазақстан халқының бірлігі күнін» атап өтеді. Бұл 150-ден астам ұлттар мен ұлыстар өмір сүретін елде бейбітшілік қажет болатын достық мен түсіністіктің және келісімнің мерекесі.

Дайындаған  
Р. АЙДАРБЕКОВА

Алатау жастары

## ЖАСТАР ҰЙЫМЫ ҚҰРЫЛДЫ



Қазір Алматы облыстық «Алатау жастары» ұйымының аудандық және ауылдық ұйымдары құрылуда. Осындай бастауыш ұйым құру жөніндегі жиналыс Ащыбұлақ ауылдық округінде де өтті. Осы өңірдегі № 4 орта мектептегі жастар жиналысының күн тәртібінде бастауыш ұйым құру мәселесі қойылды. бір ғана

Жиынға ауылымыздағы белсенді жастармен қатар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Іле ауданының Құрметті азаматы Әмзе Исаев, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Мейрамгүл Жәбіева, округтегі аналар кеңесінің

төрайымы Гүлжан Құлымбаева, округ әкімінің орынбасары Бақтияр Қасымбеков қатысты.

Жиынға төрағалық жасаған Б.Қасымбеков сөз кезегін Әмзе Әлдибекұлына берді. Әмзе Әлдибекұлы жалпы құрылмақшы ұйым-

ның мақсаты мен міндеттеріне жан-жақты тоқталып өтті. Келесі кезекте сөз кезегін алған ауылымыздағы ардагер ұстаздар ұйымының төрағасы Д. Жамалбеков өз сөзінде округте 57 мыңға жуық халық тұратынын, олардың арасында не бір терең ойлы, өте тәрбиелі, білімді жастардың жеткілікті екенін әр салада өз істерінің майталмандары ретінде нәтижелі жұмыс жасап жатқандарын айта келе, жас мөлшерлері 35-ке толмаған, «Алатау жастары» бастауыш ұйымының құрамына үміткерлердің тізімі мен өмірбаяндарын көпшілікке таныстырды.

Келесі кезекте бастауыш ұйымның құрамы анықталып, төрағасы сайланды. Ащыбұлақ ауылдық округі «Алатау жастары» бастауыш ұйымының төрағасы болып М.Түймебаев ауылындағы №19 орта мектептің түлегі, жоғары білімді, жас кәсіпкер Мұхаммедсұлтан Нұрғалиұлы сайланды.

Жиынға жиналған көпшілік ұйымның жұмысына сәттілік тілеп, тарасты.

Дәулетбай  
ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы.  
Іле ауданы.



Білгеніңіз жөн!

## АҚ ОРАМАЛДЫҢ КАСИЕТІ

Ертеде жайлауда отырған бір елдің азаматтары жаңа қонысқа мал айдап кетеді. Бас көтерер азамат болмаған ауылға тұтқиылдан жау шапқанда, сол ауылдың бәйбішесі басындағы ақ орамалды шешіп, сойылға байлап, жауға қарсы шығып, оларды тоқтатады. Сөйтіп ауылды аман алып қалады.

дегенде, әйелі басындағы орамалын алып, жерге төсепті.

Бөлтірік шешен сонда: -Келін, мұндай құрметті осы жасқа келгенше ешкімнен көрмеппін. Ақ ниетіңе разымын. Тәңірім басына жетер, байлық берсін. Басына қайта тартып ал» - деп, өзі еңкейіп, орамалын жерден алып беріпті.

Кедей жалғыз ешкісін сойыпты. Бөлтірік шешен: -Қазанға еттің бәрін сал, ауыл-аймақтың бәрін шақыр. «Бөлтірік шешен менің үйімде бірнеше күн боламын деді» деп, хабар айт-депті. Оны естіген сол ауылдың ауқатты адамдары бірі үйін әкеп тігіп, бірі дүниесін әкеп, сойыс малын әкеп, бірнеше күн болыпты.

Кетерінде шешен: -Осы әкелген дүниелерінді, беретін малдарыңды осы жігітке беріндер-деп, бата беріпті. Көп кешікпей кедей жігіт дуалы батадан соң байлыққа кенеліпті.

Көнеден келе жатқан «Сары жаулық» деген дәстүр болған. Барымтада кісі өлсе, кінәлі жақ өлген адамның әйеліне сары жаулық беріп жіберген. Бұл-біздің күйеуіне құнын тілейміз деген таңба хат. Сары жаулықты құн төленгенше әйел тағып жүрген. Құн төленген күні шешкен. Сондықтан казак сары түсті көп пайдаланбайды. Сары түс сағыныш деп есептеген. «Ағаштың жапырағының, шөптің сарғайғаны дүниенің жансыздануынан» деп есептеген.

Сары жаулық таңба болып саналады. «Сүйегіме таңба салдың» деген сөз осыдан қалған. Ел билеген әмірші де, ақ орамалды аттамаған. Бұндай үрдіс Кавказ халықтарында да бар. Қан төгіс болып жатқанда әйел басындағы орамалды шешіп жерге тастаса, жанжал тоқтаған...

Дайындаған  
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.



Сол күннен жауды тоқтатқан ақ орамал «жаулық» аталып кетіпті. Ақ орамал әйел басына салған сәттен жаңа түскен келін келген елінің тілеуін тілейді. Жас келіннің іздегені-байлық емес, алпыс екі тамырын жібітер дүниеге әкелер болашақ ұрпағының тілеуі. Қазақта жаңа түскен келін басына орамалын салып, жанжал болған жерге келіп, сәлем салса, тіпті қан төгіс болып жатса да тоқтатқан. Қазақ үшін орамалды сыйламау, ананы қорлау болып табылады.

Бірде Бөлтірік шешен ел аралап жүріп бір кедейдің үйіне келіп түседі. Торғай камаса тұрмайтын жыртқы киіз үй, төрдегі темкемет арасынан шөп өскен, адам отыратын жер жоқ.

Үй иесі: «Ақсақал жоғары шығыңыз»

## БІРІНШІ МАМЫР МЕРЕКЕСІНЕ АРНАУ

Тәуелсіз Егеменді елімізде  
Құт береке бақ дарыған жерімізде,  
Ежелден талғамы биік халқымыз бар,  
Қасиетін сақтаған салтымыз бар.

Кең байтақ ұлан-ғайыр өлкеміз бар,  
Рухы биік қазақ деген халқымыз бар,  
Мекені көп ұлттардың қазақ жері,  
Достық қолын созады қазақ елі.

Ұмытпайды үлкендері артып өткен,  
Ұрпағының құлағына құйып кеткен,  
Бір уыс бидайын да бөліп берген,  
Қонақжай қазақтай ел қайда деген.

Әр ұлттың салты менен санасамыз,  
Қуанышына ортақтасып жол ашамыз,  
Бір шаңырақ астында тату-тәтті,  
Туысқандар силасып жарасамыз.

Лиза ГАЙСИНОВА.  
Алматы облысы, Іле ауданы, Ақсай ауылы.